- Шаңсорғышты тек үй-жайдың ішінде қолданыңыз, оны ашық ауада қолданбаңыз.
- Шаңсорғыштың үстіне отырмаңыз және оған қандай да бір заттарды қоймаңыз.
- Құрылғыны ылғал ортада қолданбаңыз.
- Құрылғының жоғарғы бөлігі шыныққан әйнектен жасалған, ол кәдімгі әйнектен мықты, дегенмен оған сызаттар мен жарықтар түспейтіндей ұқыптап ұстаңыз.
- Бұйымды ол құлап кетуі мүмкін беттерге (үстелдер, орындықтар және басқа беттер) қоймаңыз.
- Құрылғы ұзақ уақыт бойы қолданылмайты кезде оның қорегін өшіріп қойыңыз.

- Құрылғыны қолданар алдында едендегі ірі заттарды, сондай-ақ барлық сығыш заттарды, бауларды, киімді, қағазды, перделерді және т.б. жинап алыңыз, себебі оларды шаңсорғыш бүлдіруі мүмкін және олар шаңсорғышпен сорылып кеткен жағдайда оны бұзуы мүмкін.
- Қолданар алдында баудың розеткаға нығыз тығылғанына көз жеткізіңіз, олай болмағанда аккумуляторлық батарея бүлінуі мүмкін.
- Үй-жайдағы адамдарды шаңсорғыштың жұмыс істей бастайтыны туралы ескертіп қойыңыз.
- Робот-шаңсорғышты оның шаң жиналатын контейнері барынша толып қалған жағдайда қолданбаңыз. Құрылғыны одан әрі қауіпсіз қолдану үшін оның контейнерін шаңнан босатып алыңыз.
- Егер шаңсорғыштың сорғыш саңылауына бөгде зат бітеліп қалған болса, құрылғыны пайдаланбаңыз. Сорғыш саңылау мен орталық қырғыш-щетканы таза күйінде ұстаңыз.
- Бұйымды -10° және 50° (Цельсий градусы) температура жағдайында қолданыңыз. Құрылғыны төтенше жоғары температура жағдайында қолдануға тыйым салынады..

- Егер шаңсорғыштың шаң соратын немесе сумен тазалауға арналған контейнері құрылғыға орнатылмаған болса, оны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны кәдеге жаратудың алдында оның ішіндегі аккумуляторды міндетті түрде шешіп алыңыз.


LI-ION АККУМУЛЯТОРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШЕКТЕУЛЕРІ:

- Құрылғының жиынтығына кіретін тек түпнұсқа аккумуляторлық батареяны қолданыңыз.
- Li-ion батареяны айырбастаған кезде шаңсорғыштың токтан ажыратулы тұрғанына көз жеткізіп алыңыз.
- Li-ion батареясын кәдеге жарату қауіпсіздік ережелеріне сәйкес орындалып отыруы тиіс.


Құрылғыны қолдану қауіпсіз әрі жайлы болсын!

Қауіпсіз пайдалану техникасы бойынша сауалдар туындаған жағдайда бізге мына мекенжай бойынша хабарласуыңызды сұраймыз: askgutrend@gutrend.com

РОБОТ-ШАҢСОРҒЫШТЫҢ КОНСТРУКЦИЯСЫ



ЖИЫНТЫҒЫ



ЖИЫНТЫҒЫ

1. Робот-шаңсорғыш
2. Қуаттау станциясы
3. Қашықтан басқару тетігі.
4. Желілік бейімдегіш 220 вольт.
5. Виртуальды қабырға.
6. Екі қосымша бүйірлік щетка.
7. Контейнерді тазалауға арналған щетка.
8. Сумен тазалауға арналған контейнер.
9. Сумен тазалауға арналған микрофибра.
10. Орталық қырғыш-щетка.
11. Корпусын күтіп ұстауға арналған сүрткіш.
12. Бір қосымша HEPA-сүзгі.
13. Пайдалану жөніндегі нұсқаулық; Пайдаланушыға арналған қысқаша нұсқаулық; Кепілдемелік талон.

СОНДАЙ-АҚ ЖИЫНТЫҒЫНА КІРЕДІ:

- «Виртуальды қабырғаға» арналған батареялар жиынтығы 2 x AA
- Қашықтан басқару тетігіне арналған батареялар жиынтығы 2 x AAA

GUTREND SMART 300 СИПАТТАМАЛАРЫ

Атауы	Мәні
Тазалау түрі	құрғақ / ылғал
Шуылдың деңгейі, дБ	50
Шаң жиналатын контейнердің көлемі, л	0,45
Сумен тазалауға арналған контейнердің көлемі, л	0,3
Қозғалу жылдамдығы, см/с	22
Еңсере алатын кедергілердің биіктігі, мм	15-ке дейін
Біржолғы қуатпен тазалау алаңы, ш. м.	260-қа дейін
Аккумулятордың типі	Li-Ion
Аккумулятордың сыйымдылығы, мАсағ	2600
Кернеу, В	14,8
Аккумулятордан жұмыс істеу уақыты, мин	230-ға дейін
Аккумулятордың қуатталу уақыты, мин	300
Робот-шаңсорғыштың өлшемі (Ұ x Е x Б), мм	310 x 310 x 72
Робот-шаңсорғыштың салмағы (орамасын санамағанда), кг	2,5
Робот-шаңсорғыштың салмағы (орамасымен бірге), кг	4,6
Қуаттау станциясының өлшемі (Ұ x Е x Б), см	22,5 x 16,5 x 9
Желілік баудың ұзындығы, м	1,5

РОБОТ-ШАҢСОРҒЫШТЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

SMART робот-шаңсорғышы – бұл Сіздің уақытыңызды үнемдеуге мүмкіндік беретін, үй жинастырудың заманауи және интеллектуалды әдісі.

«БАҒЫТ БЕРУ» ФУНКЦИЯСЫ

Кейінгі үлгідегі навигациялық жүйе тіпті жобасы күрделі болып келетін үй-жайлар арқылы қозғалудың тиімді бағытын құрады. Алдын-ала жоспарлау мен жұмыс кезінде деректерді жоғары жылдамдықпен өңдеудің арқасында үй жинастырудың өнімділігі бірнеше есе артады: робот ашық кеңістіктерді, сондай-ақ бұрыштарды жақсылап тазалайды, бұл жағдайда ол жүріп өткен бағытын қажетсіз түрде қайталамайды.

«КЕДЕРГІЛЕРДІ АНЫҚТАУ» ФУНКЦИЯСЫ

Құрылғының алдыңғы бамперінде орналасқан датчиктердің 10 жұбы робот-шаңсорғыштың жолындағы кедергілерді тауып және кедергіге дейін бірнеше миллиметр қалған кезде соқтығысуды болдырмауға мүмкіндік береді.

«БИКТЕН ҚҰЛАУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ» ФУНКЦИЯСЫ

Робот-шаңсорғыштың алдыңғы және бүйірлік жазықтықтарында орналасқан датчиктердің 3 жұбы беттің үзілуін анықтап және құрылғының биіктен құлауын болдырмауға мүмкіндік береді.

«ШАТАСУДАН ҚОРҒАУ» ФУНКЦИЯСЫ

Үй-жайды жинастырудың алдында барлық электр сымдарын еденнен алып қою қажет. Егер олар не дегенмен тазалау алаңында қалып қойған болса, робот-шаңсорғыш шеткаларын тоқтатып, қауіпсіз жерге қарай жылжуға және сол арқылы оларға шатасып қалуға жол бермеуге әрекет жасайтын болады.

«ШАТАСУДАН ҚОРҒАУ» ФУНКЦИЯСЫ

Егер робот бір жерден өздігінен шыға алмай тұрса, ол жұмысын тоқтатып және қате туралы дыбыстық сигнал береді. Осылайша, пайдаланушы басқа бөлмеде болғанның өзінде оны естіп және жедел шаралар қабылдай алатын болады. Қателер туралы сигналдардың толық түсіндірмесі 15-беттегі «Қателер туралы сигналдар» бөлімінде көрсетілген.

ТАЗАЛАУ РЕЖИМДЕРІ

Бұл үлгіде 7 тазалау режимі көзделген:

«ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТАЗАЛАУ» РЕЖИМІ

Кез келген үй-жайды бірізді түрде тазалауды қамтамасыз етеді. OPTIMAL ROUTE технологиясы бар навигациялық жүйенің арқасында робот-шаңсорғыш тазартылған беттен қайтадан өтуге жол бермей, үй-жайды бірізді тазартуды қамтамасыз етеді. Секциялардың ішінде робот логикалық тұрғыдан құрылған бағытты ұстанады, ол берілген алаңның әрбір шаршы сантиметрін ирек түрде тазартады. Жұмыс кезінде құрылғы тазаланбай қалған аймақтарды автоматты түрде анықтап және тазалаудың сапасын арттыру үшін кейбір жерлерді қайта тазалайды.

«Интеллектуалды тазалау» режимінде робот қысқамерзімді үзілістер жасап отырады, бұл сәтте оның корпусындағы индикатордың жасыл шам жыпылықтап жанады. Бұл құрылғының жинастыру бағытын программалап, яғни жинамай өтіп кеткен аймақтар мен қайта тазалауды қажет ететін алаңдарды анықтап отырғанын білдіреді. Өтінеміз, шыдамдылық танытып күте тұрыңыз, робот деректерді өңдеуді аяқтап және жұмысын одан әрі жалғастыратын болады, бұл жағдайда корпусындағы индикатордың жасыл жарығы тұрақты түрде жанып тұрады. Үзілістердің жиілігі мен ұзақтығы үй-жайдың ішіндегі заттардың қаншалықты көп екендігіне және құрылғы жұмыс істеп тұрған кезде олардың орнын өзгерткен-өзгертпегеніңізге байланысты.


Егер «Интеллектуалды тазалау» режиміндегі жұмыс арнайы түрде немесе қатенің нәтижесінде тоқтап қалған болса, қайта қосылған робот өзінің бағытын қайта программалайды. Бұрын жиналған алаңдар қайта тазаланады. Басқа жинастыру режимін іске қосу үшін роботты оның корпусындағы AUTO түймешігі арқылы немесе ҚБ тетігіндегі CLEAN түймешігі арқылы өшіріп, қажетті режимді таңдаңыз.

Ескерту: Егер құрылғының «Интеллектуалды тазалау» режиміндегі жұмысы кезінде үйдің ішіндегі заттардың орны өзгерген болса, робот бағытын қайта программалап және бұрын жинап өткен алаңдарды қайта тазалауды мүмкін.

«БАҒЫТСЫЗ ТАЗАЛАУ» РЕЖИМІ

Робот-шаңсорғыш үй тазалауды бағытын интеллектуалды түрде құрусыз, яғни берілген алаң бойы кез келген режимде қозғала отырып, орындайтын болады. Бұл режимді іске қосу арқылы сіз заттардың немесе жиһаздың орнын шектеусіз түрде өзгертіп немесе роботтың жолында тұра аласыз. Бұл режимді кілем жабынын тазартқан кезде қолдану ұсынылады.

«ҚАТТЫ ЛАСТАНУЛАРДЫ КЕТПІРУ» РЕЖИМІ

Робот-шаңсорғышты ластанған алаңға қойып, ҚБ тетігіндегі  түймешігін басыңыз. Робот-шаңсорғыш сору күшін көбейтіп және ирелең арқылы қозғалатын болады, артынша бұрынғы қойылған режимге қайтып оралады. Бұл режим «Интеллектуалды тазалау» режимі кезінде іске қосуға келмейді.

«КЕСТЕ БОЙЫНША ТАЗАЛАУ» РЕЖИМІ

Сіз робот-шаңсорғыштың тазалау уақытын Өзіңізге ыңғайлы болатын нақты бір уақытқа қойсаңыз болады. Мысалы, егер сағатын (CLOCK) 18:30 уақытына қойып, ал жинастыру кестесін (PLAN) 18:45 уақытына қойсаңыз, робот келесі уақыт өзгертілгенше күнделікті жинастыру шарасын тура 18 сағат 45 минутта бастайтын болады. Берілген уақыт құрылғының қорегі ажыратылған сәтте автоматты түрде күшін жояды.

Тазалау кестесін ҚБ тетігі (CLOCK) арқылы қою:

- Құрылғыны қосып және ҚБ тетігін соған қаратыңыз.
- Өзіңіздің сағат белдеуіңізді (Сіздің кәдімгі сағатыңыз көрсетіп тұрған уақытты) қою үшін CLOCK түймешігін басып, артынша тетіктегі бағыттық түймешіктерді пайдаланыңыз.
- Берілген параметрді сақтау үшін CLOCK түймешігін басыңыз. Қойылған уақытты өзгерту үшін ҚБ тетігінің бағыттау түймешіктері арқылы LED-дисплейден «00:00» комбинациясын орнатыңыз.

ҚБ тетігі (PLAN) арқылы жинастыру кестесін қойыңыз:

- Құрылғына қосып, ҚБ тетігін соған қаратыңыз.
- Кестенің уақытын қою үшін PLAN түймешігін басып және басқару тетігіндегі бағыт түймешіктерін қолданыңыз.
- Берілген параметрді сақтау үшін PLAN түймешігін басыңыз. Берілген уақытты күшін жою үшін ҚБ тетігіндегі бағыт түймешіктері арқылы LED-дисплейіндегі «00:00» комбинациясын қойыңыз.

Ескерту: жинастыру уақыты мен кестесінің қойылғаны дыбыстық сигналмен сүйемелденіп отыруы тиіс. Егер дыбыстық сигнал естілмесе, демек теңшеулер сақталмады.

«ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚҰАТТЫЛЫҚ» РЕЖИМІ

Бұл үлгіде сору күшін көбейту режимі бар. Бұл режимді қатты ластанған аймақтарда қолданыңыз.

«СУДЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ БЕРУМЕН СУМЕН ТАЗАЛАУ» РЕЖИМІ

Назар аударыңыз! Бұл маңызды:


- Сумен тазалау алдында «Интеллектуалды тазалау» немесе «Бағытсыз тазалау» режимінде жинап алу ұсынылады.
- Робот-шаңсорғышты сумен тазалауға арналған контейнері орнатылған күйінде кілемдерге арнап қолданбаңыз. Қолданар алдында кілемнің шеттерін бүгіңіз.
- Егер контейнердегі су азайып бара жатқа, оған су құйыңыз.
- Құралды қуаттау базасына қояр алдында сумен тазалауға арналған контейнерін шешіп алыңыз.
- Егер сумен тазалауға арналған контейнері орнатылған роботты қолдануды кездеп отырмасаңыз, оны еденге қалдырып кетпеңіз.

SMART DRIP 2.0 жетілдірілген технологиясы сумен тазалау кезінде келіп түсіп отырған сұйықтың көлемін бақылауды қамтамасыз етеді және робот-шаңсорғыштың жұмысын тоқтатқан сәтте су берілудің тоқтатылуына кепілдік береді.

Сумен тазалау сумен тазалауға арналған арнайы контейнер мен микрофибраның көмегімен жүзеге асырылады. Су су құйылған контейнерден сумен тазалауға арналған микрофибраға механикалық түрде беріледі.

Автоматты түрде су берумен сумен тазалау функциясын іске қосу үшін келесі іс-қимылдарды орындаңыз:


1. Контейнерге су құйыңыз. Ол үшін инъекциялық саңылаудың тығынын ашып, оған баяу түрде таза су құйыңыз. Тығынын мықтап жабыңыз.
2. Микрофибраны сумен тазалауға арналған контейнерге бекітіңіз. Микрофибраның барлық шеттерін сумен тазалауға арналған контейнердің түбіне қысыңыз.



3. Шаң жиналатын контейнерді шешіп алып, сумен тазалауға арналған контейнерді орнатыңыз.



4. Сумен тазалауды бастаңыз. Ол үшін робот-шаңсорғыштың корпусындағы AUTO түймешігін, ҚБ тетігіндегі CLEAN түймешігін басып немесе «Бағытсыз тазалау» режимін қосыңыз. Сумен тазалауға арналған контейнердің көлемі 1 сағат жұмысқа жетеді. «Интеллектуалды тазалау» немесе «Бағытсыз тазалау» режимдерін «Сумен тазалау» режимдерімен біріктіріп қолдануға болады.



Сумен тазалауды жартылай автоматты режимде жүзеге асыруға болады.


Ол үшін небәрі 3 қадам жасау қажет:

1. Микрофибраны қолмен сулаңыз.
2. Оны сумен тазалауға арналған контейнерге бекітіңіз.
3. Робот-шаңсорғышты өзіңізге қажетті режимде іске қосыңыз.


Жартылай автоматты сумен тазалауға арналған контейнерді қолданған кезде 9-бетте тармақтың басында суреттелген абайлылық шараларын ұстануыңызды өтінеміз!



«ДАҚТАРДЫ КЕТІРУ» РЕЖИМІ

Суды автоматты түрде берумен немесе жартылай автоматты режимде сумен тазалау кезінде робот-шаңсорғышты дақ түскен жерге қойып және ҚБ тетігіндегі  түймешігін басыңыз. Мұндай суды автоматты түрде берумен сумен тазалау және ирек арқылы тазалау режимдерін біріктірген жағдайда шаңсорғыш беттегі дақтарды ысқылап кетіре алады.

ҚАШЫҚТАН БАСҚАРУ (ҚБ) ТЕТІГІНІҢ ТҮЙМЕШІКТЕРІ



«CLOCK» (УАҚЫТ) ТҮЙМЕШІГІ

Осы түймешік арқылы уақытты Өз уақыт белдеуіңізге сәйкес қоя аласыз. Жоспарланған тазалау уақыты дәл осы мәннен бастап саналатын болады.

«PLAN» (КЕСТЕ) ТҮЙМЕШІГІ

Осы түймешік арқылы кесте бойынша тазалаудың басталу уақытын қоюға болады.

Тазалау кестесін қояр алдында ағымдағы уақытты қойып алыңыз. «Тазалау режимдері» бөліміндегі нұсқаулыққа сүйеніңіз.

«CLEAN» (ТАЗАЛАУ) ТҮЙМЕШІГІ, «ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ТАЗАЛАУ» РЕЖИМІ

Робот-шаңсорғышты ұйқыдағы режимнен шығару үшін CLEAN түймешігін басыңыз.

Робот-шаңсорғышты «Интеллектуалды тазалау» режимінде іске қосу үшін CLEAN түймешігін басыңыз.

Робот-шаңсорғыштың жұмысын тоқтату үшін ағымдағы тазалау режимінде CLEAN түймешігін басыңыз.

«MAX» (МАКСИМУМ) ТҮЙМЕШІГІ

«Кесте бойынша тазалау» режимін же уақыт мәнін азайтуға арналған түймешікті басыңыз.

«Интеллектуалды тазалау» және «Бағытсыз тазалау» режимдерінде сору күшін арттыру түймешігін ең жоғары мәніне дейін басыңыз.

Команданы күту режимінде робот-шаңсорғышты 180 градусқа бұруға арналған түймешікті басыңыз.

«ІЛГЕРІ ҚАРАЙ» ТҮЙМЕШІГІ

«Кесте бойынша тазалау» режимінде уақыттың мәнін арттыруға арналған түймешікті басыңыз.

Команданы күту режимінде робот-шаңсорғыштың ілгері қозғалуына арналған түймешікті басыңыз.

«ОҢҒА ҚАРАЙ» ТҮЙМЕШІГІ

«Кесте бойынша тазалау» режимінде «сағат-минут» мәндерін ауыстырып-қосуға арналған түймешікті басыңыз.


Ағымдағы таңдалған режимде робот-шаңсорғыштың оңға қарай қозғалуына арналған түймешікті басыңыз.

«СОЛҒА ҚАРАЙ» ТҮЙМЕШІГІ


«Кесте бойынша тазалау» режимінде «сағат-минут» мәндерін ауыстырып-қосуға арналған түймешікті басыңыз.

Ағымдағы таңдалған режимде робот-шаңсорғыштың солға қарай қозғалуына арналған түймешікті басыңыз.


«КЕЗ КЕЛГЕН» БАҒЫТЫ, «БАҒЫТСЫЗ ТАЗАЛАУ» РЕЖИМІ

Роботты «Бағытсыз тазалау» режиміне ауыстыру үшін  түймешігін басыңыз.

«ШИЫРШЫҚ» ТҮЙМЕШІГІ, «ДАҚТАРДЫ КЕТІРУ», «ҚАТТЫ ЛАСТАНУЛАРДЫ КЕТІРУ» РЕЖИМДЕРІ


Роботты «Дақтарды кетіру» немесе «Қатты ластануларды кетіру» режиміне ауыстыру үшін  түймешігін басыңыз.

«ҮЙГЕ» ТҮЙМЕШІГІ

Робот-шаңсорғышты зарядтау станциясына қайтару үшін  түймешігін қолданыңыз.

Қашықтан басқару тетігі AAA типіндегі батареялардан жұмыс істейді. Батареялардың қосалқы жиыны үлгінің жиынтығына қоса берілген. ҚБ тетігі ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын жағдайда оның ішіндегі батареяларды шығарып қою қажет.

ҚУАТТАУ СТАНЦИЯСЫ




Оны робот-пылесос тазалау аяқталған кезде қуаттау базасы ретінде немесе аккумулятордың қуаты төмен болған жағдайда қолданады. Робот-шаңсорғыш базаның инфрақызыл сигналына әрекет етумен, станцияны өз бетінше табады.

Робот-шаңсорғыш автоматты қуаттау түйспелерін тапқанша және оларға бекітілгенше станцияны іздеумен болады. «Интеллектуалды тазалау» режимінде робот жұмысын тазалаудың басталу нүктесінде аяқтайды және егер қуаттау станциясы бастапқыда қоректен ажыратылып қойған болса немесе роботтың датчиктері жинастыру кезінде оның сигналдарын тіркемеген болса, қуаттау станциясын іздемейді. «Бағытсыз тазалау» режимінде робот-шаңсорғыш тазалауды аяқтаған жерінде тоқтап және қуаттау станциясын іздемейді.

Робот-шаңсорғышты қуаттау станциясына мәжбүрлеп қайтару үшін ҚБ тетігіндегі түймешігін басыңыз.

ВИРТУАЛЬДЫ ҚАБЫРҒА



«Виртуальды қабырға» немесе Қозғалысты шектеуші робот-шаңсорғыштың тыйым салынған аймаққа енуіне жол бермеу үшін қолданылады. Робот-шаңсорғыштың қатынауына жол бермеу үшін «виртуальды қабырғаны» өзіңіз жауып тастағыңыз келетін жерге, мысалы үй-жайдың есік қуысына орналастырыңыз:

- Батареяларын орнатқаннан кейін қорегін ауыстырып-қосқышты ON қосыңыз.
- «Виртуальды қабырғаны» қолданған кезде шектеушінің сигналын өзіңіз шектегіңіз келетін аймақтың бойымен орнатыңыз.


«Қозғалысты шектеу» үшін AA типіндегі батареяларды қолданыңыз.
«Виртуальды қабырғаны» қолданып болғаннан кейін қорегін өшіріңіз.

ПАЙДАЛАНУ

ЖҰМЫСТЫҢ БАСТАЛУЫ

Қуаттау станциясын қабырғаның түбіне орнатыңыз және екі жағынан алғанда 1 метр және алдынан алғанда 2 метр қашықтықта орналасқан кедергілердің барлығын алып тастаңыз.

Желілік бейімдегішті жалғаңыз. қуаттау базасындағы жарық индикаторы жыпылықтап жана бастайды.




Роботтың оң жақ бүйіріндегі қорек ауыстырып-қосқышын қосылған күйіне қойыңыз, бұл жағдайда AUTO түймешігі жанып және баяу жыпылықтай бастайды. Егер робот бірде-бір команда алмаса, 10 минуттан кейін ол ұйқыдағы режимге ауысады.

Қорегін ауыстырып-қосқыш әрдайым қосулы болуы тиіс, олай болмағанда робот жұмыс істей алмайды.

Қорегін ауыстырып-қосқышты өшірген сәтте барлық теңшеулердің күші жойылады.

Құрылғыны қуаттаудың алдында қорегін ауыстырып-қосқыштың қосулы тұрғанына көз жеткізіңіз, олай болмағанда робот қуатталмайды. Шаңсорғышты төменде көрсетілген әдістердің бірімен қуаттаңыз:

- Бейімдеуші робот-шаңсорғыш пен розеткаға сұғыңыз.
- Робот-шаңсорғышты қуаттау станциясына орнату үшін ҚБ тетігіндегі  түймешігін басыңыз.
- Робот-шаңсорғышты қуаттау станциясына қолмен орнатыңыз, ол үшін робот-шаңсорғыштың автоматты қуаттау түйіспелерін қуаттау станциясының түйіспелерімен дәлдеп келтіріңіз.

Қуаттау станциясына орнатылған сәтте робот қысқа дыбыстық сигнал береді, ал корпусындағы AUTO түймешігі баяу түрде қызғылты сары түспен жыпылықтап жанады.

Робот қуатталғаннан кейін оның корпусындағы AUTO түймешігі тұрақты түрде жасыл түспен жанып тұрады.

Аккумуляторлық Li-ion батареясының қызмет мерзімін ұзарту үшін келесі шараларды орындау қажет:

Робот-шаңсорғышты бірінші рет қолданудың алдында оны 12 сағат бойы қуаттап алыңыз. Роботты үнемі пайдаланған жағдайда оны электрқорегіне жалғанған қуаттау станциясында сақтаңыз. Егер робот ұзақ уақыт бойы қолданылмайтын болса, қорегін ауыстырып-қосқышты өшірулі күйіне қойыңыз.

ІСКЕ ҚОСУ

Робот-шаңсорғышты қоспас бұрын еденде роботтың үй тазалауына кедергі болуы мүмкін заттардың жоқ екеніне көз жеткізіңіз.

- Еденнен робот өздеріне шатасып қалуы мүмкін қорек баулары мен басқа да шағын заттарды алып тастаңыз.
- Құрылғы түгі ұзын кілемдерге арнап қолдануға келмейді. Роботты қолданар алдында кілемнің шеттерін робот оның бетіне шыға алмайтындай етіп қайырып қойыңыз. Бұл шашақтары бар кілемдерге де қатысты болып келеді.
- Перделер мен көрпелердің еденге тиіп тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Егер жинастыру алаңында сатылар немесе баспалдақтар болса, биіктен құлауына жол бермейтін датчиктердің бітелмегеніне және роботтың биіктіктің өзгеруін көретін-көрмейтініне өз жеткізіп алу қажет. Қажетіне қарай шетке виртуальды қабырғаны орнатып немесе физикалық тосқауыл қойыңыз.
- Жиһаздардың астындағы беттерді кедергісіз тазалау үшін олар мен еденнің арасындағы саңылау 7,5 см-ден кем болмауы тиіс екеніне назар аударыңыз.

Қорегін ауыстырып-қосқыштың қосулы күйде тұрғанына көз жеткізіңіз.

«Интеллектуалды тазалау» режимінде жұмыс істей бастау үшін корпусындағы AUTO түймешігін немесе ҚБ тетігіндегі CLEAN түймешігін басыңыз.

Ескерту: Егер робот-шаңсорғыш ұйқылы режимде тұрған болса, команданы күту режиміне ауысу үшін корпусындағы AUTO түймешігін немесе ҚБ тетігіндегі CLEAN түймешігін басыңыз. Артынша «Интеллектуалды тазалау» режимінде жұмыс істей бастау үшін корпусындағы AUTO түймешігін немесе ҚБ тетігіндегі CLEAN түймешігін қайталап басыңыз.

ТОҚТАТУ

Роботты тоқтату үшін корпусындағы AUTO түймешігін немесе ҚБ тетігіндегі CLEAN түймешігін басыңыз.

ҰЙҚЫДАҒЫ РЕЖИМ

Құрылғы ұйқыдағы режимде болған кезде жұмыс істемейді, қорегін ауыстырып-қосқыш қосулы. Робот-шаңсорғышты команданы күту режимінен ұйқыдағы режимге ауыстыру үшін төмендегі әдістердің бірін қолданыңыз:

- Робот 10 секунд ішінде ешқандай команда алмаса, ол автоматты түрде ұйқыдағы режимге өтеді.
- Негізгі корпустағы немесе корпусындағы AUTO түймешігін 4 секунд бойы басып ұстап тұрыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫНЫ КҮТІП ҰСТАУ


БҮЙІРЛІК ЩЕТКАЛАРДЫ ТАЗАЛАУ

Бүйірлік щеткаларды бұрағышпен босатып шешіңіз. Бүйірлік щеткалардың қылдарын, негіздерін, сондай-ақ шаңсорғыштың өзіндегі бекітілетін жерлерін тазалаңыз. Егер бүйірлік щеткалар тозған болса, оларды жаңасына айырбастаныз; қосалқы щеткалар жиынтығында қоса берілген.

Ескерту: Бүйірлік щеткаларды орнатпас бұрын щеткалар мен роботтың төменгі бөлігіндегі «R» және «L» жазуларының бір-біріне діл келіп тұрғанын тексеріп алыңыз.

АЛДЫҒЫ ДОҢҒАЛАҒЫН ТАЗАЛАУ

Егер робот-шаңсорғыштың көзге көрінер себепсіз шағын алаңнан тысқары шыға алмай тұрғанын (сонымен қатар, виртуальды қабырға мен қуаттау станциясы өшірулі болған сәтте) байқаған болсаңыз, оның алдыңғы доңғалағын тазалау қажет болады.




Алдыңғы доңғалақты оны ұстағыш құрылғыдан екі жақ бүйірінен бұрағышпен итере отырып шығарып алыңыз. Доңғалақтың астындағы қуысты, доңғалақтың өзін және оның металды осін жақсылап тазалап шығыңыз. Артынша алдыңғы доңғалақты орнына қойыңыз, оның ұстатқышпен нығыз етіп бекітілгеніне көз жеткізіңіз.

ОРТАЛЫҚ ҚЫРҒЫШ-ЩЕТКАНЫ ТАЗАЛАУ

Орталық щетканың бітелгеніне анықтаған жағдайда робот-шаңсорғыштың жұмысын тоқтатып және оны тазалаңыз.

Қырғыш-щетка тазаламас бұрын құрылғының өшірулі тұрғанына көз жеткізіңіз. Одан кейін келесі іс-қимылдарды орындаңыз:

1. Шаңсорғышты аударыңыз және оны шаң жиналатын контейнерін «өзіңізге қарай» қаратып қойыңыз.
2. Резеңке щетканы ұстап тұрған сары жақташаны шешіп алыңыз, ол үшін бекіткіштердің тілдерін басып және жақташаның жақын шетін көтеріңіз. Орталық щетканы шешіп алу үшін қырғыш-щетканың оң жағын көтеріп тартыңыз.
3. Оралып қалған қоқысты кесіп, орталық қырғыш-щетка тазалаңыз.





Орталық қырғыш-щетка толығымен резеңкеден жасалған, бұл оның бітелуін едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Ол түгі қысқа кілемдер мен кілемді беттерді шаштан, жіп пен өзге қоқыстан барынша тиімді тазартады.

ДАТЧИКТЕР МЕН ҚУАТТАУ ТҮЙІСПЕЛЕРІН ТАЗАЛАУ

Роботтың алдыңғы бамперінде орналасқан кедергілерді табу датчиктерінің терезесін және биіктен құлауына жол бермейтін датчиктерді жұмсақ құрғақ шүберекпен сүртіңіз.

Шаңсорғыштың төменгі жағы мен қуаттау станциясындағы қуаттау түйіспелерін әрдайым сүртіңіз

Тазалауды кем дегенде айына 2 рет орындап отыру керек.




ШАҢ ЖИНАЛАТЫН КОНТЕЙНЕР МЕН СҮЗГІЛЕРДІ ТАЗARTY


Шаң жиналатын контейнерді робот-шаңсорғышты әрбір пайдаланған сайын тазалап отыру қажет.

Шаң жиналатын контейнерді шығарып алғаннан кейін сорғыш арнаны онда бөгде заттардың болу-болмауына қатысты тексеріп және қажетіне қарай тазалап шығыңыз


Контейнерді ашып, ішіндегі қоқысты төгіңіз.



Контейнердің ішіндегі HEPA-сүзгіні, поролон сүзгі мен бастапқы тазалау сүзгісін шығарып алыңыз. HEPA-сүзгіні, поролон сүзгі мен бастапқы тазалау сүзгісін сумен жуып шығыңыз. Шаң жиналатын контейнер мен сүзгілерді құрғатыңыз.




HEPA-сүзгі жууға келмейді. Оның шаңын ақырын соққылау арқылы кетіруге болады. HEPA-сүзгінің қызмет мерзімі 6 ай. Осы мерзім аяқталғаннан кейін HEPA-сүзгіні айырбастаңыз.




СУМЕН ТАЗАЛАУҒА АРНАЛҒАН КОНТЕЙНЕРДІ ТАЗАЛАУ

Сумен тазалап болғаннан кейін контейнерді шығарып, оның суын төгіп және қоқысты сілкілеп шығарыңыз. Артынша сумен тазалауға арналған контейнерді жуып құрғатыңыз.



Контейнердегі ылғал тазалауға арналған микрофибраны шешіп, оның жуып және құрғатыңыз.



Егер бітелген заттарды өз күшіңізбен шығара алмасаңыз, тіркелген қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Назар аударыңыз, бөлшектерді немесе электржетегін тазалаумен байланысты жұмыстардың кепілдік қызмет көрсетумен қамтылмайды.

ҚАТЕЛЕР ТУРАЛЫ СИГНАЛДАР

AUTO ТҮЙМЕШІГІНІҢ ЖАРЫҚ СИГНАЛДАРЫНЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Қызғылт сары, үнемі жандуда	Аккумулятордың қуаты азайған.
Қызғылт сары, баяу жыпылықтайды	Қуатталуда.
Жасыл, үнемі жандуда	Тазалау режимінде немесе қуатталды.
Жасыл, баяу жыпылықтайды	Команданы күту режимінде.
Жасыл, жылдам жыпылықтайды	Тазалау бағытын программалауда.
Қызыл, үнемі жандуда	Қателік, дыбыстық сигналға назар аударыңыз.

ДЫБЫСТЫҚ СИГНАЛДАРДЫҢ БЕЛГІЛЕРІ

Бір дыбыстық сигнал	Доңғалақ немесе бүйірлік щетка ақауланған. Оң және сол жақ доңғалақтарды және оң және сол жақ щеткаларды тексеріңіз. Ластану анықталған жағдайда тазалаңыз (тазалау бойынша нұсқаулық 13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).
Екі дыбыстық сигнал	Соқтығысуға жол бермейтін датчиктер немесе биіктен құлауына жол бермейтін датчиктер ақауланған. Бампердің бетін және роботтың төменгі бөлігіндегі датчиктерді тазалаңыз (тазалау бойынша нұсқаулық 13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).
Үш дыбыстық сигнал	Шаңсорғыш тіреліп қалды. Шаңсорғышты босатып және тазалауды қайта іске қосыңыз.
Төрт дыбыстық сигнал	Орталық щетка айналмай тұр. Орталық щетканы тазалап, тазалау бойынша нұсқаулық (13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).

МӘСЕЛЕРДІ ШЕШУ

№	Мәселе	Ықтимал себебі	Шешімі
1	Құрылғыны қуаттау мүмкін болмауда	Автоматты қуаттау түйіспелері мен қуаттау станциясы түйіспелері бір-бірімен дұрыс жалғанбаған.	Автоматты қуаттау түйіспелері мен қуаттау станциясы түйіспелерінің дұрыс жалғанып тұрғанына көз жеткізіңіз.
		Қуаттау станциясының қорегі өшірулі болған, бұл жағдайда құрылғыдағы ауыстырып-қосқыш қосулы болған, бұл аккумулятор қуатының таусылуына әкеп соқтырды.	Үй тазалау аяқталғаннан кейін роботты желіге жалғанған қуаттау станциясына қою ұсынылады.
		Аккумулятордың қуаты толығымен таусылған.	Роботты қорекке жалғап, 3 минуттан кейін өшіріңіз. Осы шараны үш рет қайталаңыз, артынша аккумуляторды толықтай қуаттаңыз.
2	Робот базаға үй тазалауды аяқтамай жатып қайтып оралады	Робот аккумулятор қуатының жетіспеушілігін анықтап, қуатталу үшін базаға автоматты түрде қайтып оралды.	Құрылғыны қуаттаңыз.
		Үй-жайдың күрделі жоспарына немесе жиһаздардың орнын өзгертуге байланысты бағытты құруда қиындықтар туындады.	Робот-шаңсорғыштың үй тазалауды бастау нүктесін өзгертіңіз. Үй тазалау кезінде жиһаздардың орнын өзгертпеңіз.
3	«Кесте бойынша тазалау» режимі жұмыс істемейді	Роботтың корпусындағы қоректі ауыстырып-қосқыш өшірулі тұр.	Робот-шаңсорғыштың қорегін ауыстырып-қосқышты қосыңыз.
		Құрылғы жеткілікті түрде қуатталмаған.	«Кесте бойынша тазалау» режимінде жұмыс істеу үшін құрылғыны желіге жалғанған қуаттау станциясына қойылған күйінде ұстау ұсынылады.
		Робот-шаңсорғыштың бөлшектері бітелген немесе бұғатталған.	Құрылғыны өшіріп, аударыңыз. Шаң жиналатын контейнердің ішін қоқыстан босатыңыз және робот-шаңсорғыштың басқа бөлшектерін тазалаңыз (13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).
4	Робот ҚБ тетігінің сигналдарына жауап бермейді (ең ұзақ әсер ету радиусы - 5 метрге дейін)	ҚБ тетігінің батареяларының қуаты таусылған.	ҚБ тетігінің батареяларын айырбастаңыз.
		Роботтың корпусындағы қоректі ауыстырып-қосқыш өшірулі немесе құрылғы жеткілікті түрде қуатталмаған.	Робот-шаңсорғыштың қорегін ауыстырып-қосқыштың қосулы тұрғанына және құрылғының қуатталғанына көз жеткізіңіз.

№	Мәселе	Ықтимал себебі	Шешімі
		ҚБ тетігіндегі инфрақызыл (ИК) сигналдың таратқышы немесе робот-шаңсорғыштың ИҚ датчигі ластанған.	Тетіктегі таратқышты немесе роботтың датчигін құрғақ шүберекпен тазалаңыз.
		Робот-шаңсорғыштың маңында ИҚ-сигналды тарататын және ҚБ тетігінің сигналын бұғаттайтын құрылғы бар.	ҚБ тетігін ИҚ-сигналды тарататын құрылғылардың жанында қолданбаңыз.
5	Доңғалақ немесе бүйірлік щетка ақауланған	Доңғалақ немесе бүйірлік щетка бұғатталған немесе бітелген.	Оң және сол жақ доңғалақтар мен оң және сол жақ щеткаларды тексеріңіз. Ластанған жағдайда тазалаңыз (тазалау бойынша нұсқаулық 13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).
6	Робот-шаңсорғыш кедергілерді немесе биіктіктің өзгеруін көрмейді	Робот-шаңсорғыштың бөлшектері бітелген немесе бұғатталған.	Бампердің бетін және роботтың төменгі бөлігіндегі датчиктерді тазалаңыз (тазалау бойынша нұсқаулық 13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).
7	Шаңсорғыш бұғатталған	Робот-шаңсорғыштың бөлшектері немесе құрылғының өзі бұғатталған.	Шаңсорғышты немесе оның бөлшектерін босатып, үй тазалауды қайта жалғастырыңыз.
8	Орталық қырғыш-щетка айналмайды	Орталық қырғыш-щетка бітелген.	Орталық қырғыш-щетка тазалап, шаңсорғышты қайта қосыңыз (тазалау бойынша нұсқаулық 13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).
9	Робот-шаңсорғыш шағын алаңнан тысқары шыға алмауда	Алдыңғы доңғалақтың датчиктері бітелген.	Алдыңғы доңғалақты тазалаңыз (тазалау бойынша нұсқаулық 13-беттегі «Құрылғыны күтіп ұстау» бөлімінде көрсетілген).
10	Робот қосылғаннан кейін кері қарай жүруге әрекет жасауда және қате туралы сигналмен өшіп қалуда	Бамперге шаң толып қалған немесе ол қисайып тұр.	Бампердің жан-жағына емін-еркін жүріп тұрғанын тексеріңіз. Егер олай болмаса, оны ұстап тұрған бұрамаларды босатып, бамперді ашып және түзетіңіз.

Егер мәселені өз бетіңізше шеше алмасаңыз, тіркелген қызмет көрсету орталығына хабарласу қажет. Қызмет көрсету орталықтарының мекенжайларын servicegutrend.com сайтынан табуға болады.

КЕПІЛДЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

1. Кепілдемелік міндеттемелердің күші Ресей мен ТМД елдеріндегі ресми дилерлер, дистрибьюторлар арқылы сатып алынған бұйымға тарайды.
2. Кепілдемелік мерзім 4 жылды құрайды: 1 жыл – тегін кепілдемелік жөндеу және 3 жыл – сервистік қызмет көрсету (жөндеу жұмыстарын тегін орындау; бөлшектерінің ақысы және тасымалдау шығындары бөлек төленеді). Жөндеу мүмкін болмаған жағдайда жабдық өндіруші фирманың жеткізу мерзіміне қарай жаңасына айырбасталады.
3. Бұйым бойынша кепілдемелік мерзім ішінде тегін кепілдемелік қызмет көрсету келесі шарттар орындалған жағдайда қамтамасыз етіледі:
 - Тұтынушының Бұйымға қоса берілген құжаттамада көрсетілген Бұйымды пайдалану ережелерін ұстануы.
 - Тұтынушының Қауіпсіздік талаптарын ұстануы және Бұйымды пайдалану жағдайларының құжаттамада көрсетілген техникалық стандарттарға сай болуы.
 - Бұйымның осы Кепілдемелік міндеттемелермен ескерілген кепілдемелік қызмет көрсету шарттарына және Бұйым сатып алынған елдің қолданыстағы заңнамасына сай болуы.
 - Белгіленген үлгідегі дұрыс толтырылған Кепілдемелік талонның болуы.
4. Осы Кепілдемелік міндеттемелердің күші Бұйыммен бірге қолданылған басқа өндірушілердің жабдықтарына тарамайды.
5. Осы Кепілдемелік міндеттемелердің күші төмендегілерге тарамайды:
 - Бұйымның керек-жарақтық материалдары және опциялары (сонымен бірге батареялар, аккумуляторлар, шамдар, алайда олар мұнымен шектелмейді).
 - Профилактикалық жұмыстар және Бұйымның ішкі бөліктерін тазалау.
6. Осы Кепілдемелік міндеттемелердің күші төмендегі жағдайдалардың нәтижесінде бүлінген Бұйымға тарамайды:
 - Табиғи құбылыстар.
 - Бұйымға бөгде заттардың немесе сұйықтың түсуі.
 - Жануарлардың іс-қимылы.
 - Бұйымға жануарлардың тіршілік әрекеті өнімдерінің түсуі.
 - Бұйымды дұрыс орнатпау, сақтамау немесе тасымалдамау.
 - Механикалық әсер ету.
 - Аталған іс-қимылдарды орындауға уәкілеттігі жоқ тұлғалардың бұйымның түзілімдері мен бөлшектеріне рұқсат етілмеген түрде қатынауы.

Кепілдемелік талон жоғалған жағдайда оның телқұжаты берілмейді.

КЕПІЛДЕМЕЛІК ТАЛОН

Кепілдемелік қызмет көрсету бойынша сауалдарыңыз туындаған жағдайда бізге мына электронды мекенжайға хат жазып жіберіңіз: **askgutrend@gutrend.com**

GUTREND техникасымен жұмыс істейтін тіркелген сервис орталықтарының тізімі **servicegutrend.com** сайтында көрсетілген.